

Бисетаев Серікбай Жұмабекұлы Ресейдің Челябі облысы Варненский ауданы Кулевчи ауылында дүниеге келген. Олар отызыншы жылдары Ресейге көшкен.

Әскери міндетінен кейін Қорған ауыл шаруашылығы институтына түседі. Еңбек жолын Кулевчи ауылында бас экономист қызметінен бастайды. Содан кейін «Варна» фирмасының бас агрономы, бас директоры болып жұмыс істейді.

Содан кейін Увельда ауданының Увельда ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалады. 1981 жылы тарихи туған жеріне оралып, Қарабалық ауданы «Магнай» совхозында бас экономист, кейін директоры, Қостанай облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып жұмыс істейді. Облыстық агроөнеркәсіптік кешен басшысының орынбасары, «Ет-сүт өндірісі» облыстық бірлестігінің төрағасы, «Биско» компаниясының президенті қызметтерін атқарған. 1999 жылы ҚР Парламентіне депутат болып сайланды.

Қазіргі уақытта Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы қоғамдық қордың Қостанай облыстық филиалын басқарады, Соттарға көмек көрсету жөніндегі облыстық кеңестің мүшесі.

«Құрмет» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Қобыланды батырға ескерткіш орнату және қала көшелерінің біріне оның есімін беру тобын басқарды. Облыстың қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысады. Қостанай қаласында қазақ дәстүрлерін ұстанатын «Дидар» мейрамханасын ұйымдастырды. Облыстық мешітте және басқа да қайырымдылық шараларында Наурыз мейрамын және басқа да іс-шараларды өткізудің бастамашысы болды.

***Қостанай облыстық мәслихатының 2019 жылғы 10 шілдедегі № 414 шешімімен С.Ж. Бисетаевқа «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.***



Бисетаев Серикбай Жумабекович родился в селе Кулевчи Варненского района Челябинской области России. В тридцатых годах переехали в Россию.

После службы в армии поступает в Курганский сельскохозяйственный институт. Трудовой путь начинает с должности главного экономиста в селе Кулевчи. Затем работает главным агрономом, главным директором фирмы «Варна». И назначается начальником сельскохозяйственного управлени в Увельды Увельдинского района. 1981 году возвращается в родные края. Работает главным экономистом, затем директором в совхозе «Магнай» Карабалыкского района. Первым заместителем начальника сельскохозяйственного управления Костанайской области. Заместитетем рукововодителя областного агропромышленного комплекса, председателем областного объединения «Ет-сүт өндірісі», президентом компании «Биско». В 1999 году был избран депутатом в Парламент РК.

В настоящее время возглавляет Костанайский областной филиал общественного фонда имени народного героя Сагадата Нурмагамбетова, член областного совета по оказанию помощи судам.

Был награжден орденом «Құрмет» и многочисленными медалями. Возглавил группу по установлению памятника Кобланды батыру и присвоению имени одной из улиц города. Принимает активное участие в общественных мероприятиях области. Организовал ресторан «Дидар», который придерживается казахских традиций в городе Костанае. Был инициатором проведения Наурыза и других мероприятий в областной мечети и в других благотворительных мероприятиях.

***Решением Костанайского областного маслихата № 414 от 10 июля 2019 года Бисетаеву С.Ж. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».***

Сіздің қарауыңызға Серікбай Жұмабекұлы Бисетаевқа «Қостанай облысының құрметті азаматы» атағын беруге ұсыныс енгіземіз.

Серікбай Жұмабекұлы Бисетаевқа Қостанай облысының құрметті азаматы атағын беру туралы ұсыныс жасағымыз келеді. С.Ж. Бисетаев 2019 жылы сексен жасқа келеді. Ол Ресейдің Челябі облысына қарасты Варна ауданының Кулевчи селосында туған. Ата-анасы Қарабалық ауданының тумалары. Отызыншы жылдары Ресейге қоныс аударған.

Орта мектепті бітірген, әскери борышын өтегеннен кейін Қорған ауыл шүаруашылығы институтына оқуға түседі. Еңбек жолын Кулевчи селосында бас экокномист қызметінен бастады. Одан кейін «Кулевчи» совхозында бас агроном, директор, «Варна» фирмасының бас директоры, Увельди аудандық ауыл шараушылығы басқармасының бастығы болып қызмет атқарды. Сексен бірінші жылы туған еліне оралуға бел байлады. Қарабалық ауданындағы «Мағынай» совхозында бас экономист, директор, Қостанай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары, облыстық агропром кешені бастығының орынбасары, облыстық «Ет-сүт өндірісі» бірлестігінің төрағасы, «Биско» компаниясының президенті болды. 1999 жылы ҚР Парламентіне депутат болып сайланды.

Қазіргі уақытта халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы қоғамдық қордың Қостанай филиалын басқарады. Соттарға қолғабыс көрсету жөніндегі облыстық кеңестің мүшесі. «Құрмет» орденімен және көптеген медальмен марапатталған. Қостанай қаласында Қобыланды батыр ескерткішін орнату және батырға көше атын беру туралы ынталы топқа жетекшілік жасады. Облыстағы қоғамдық шараларға белсене қатысады. Қостанай қаласында тұңғыш ашылған қазақы дәстүрді ұстанған «Дидар» дәмханасын ұйымдастырды. Наурыз тойын өткізуге, облыстық мешітке және басқа игі шараларға демеушілік жасады.

Құрметті депутаттар «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағын беруге Ж. С. Бисетаевтың кандидатурасын мақұлдауыңызды сұраймын.